

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ, АЛҒЫШАРТЫ, БАСТАУЛАРЫ**Төлегенқызы Аида**tolegenqyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Тарих факультетінің студенті

Ғылыми жетекші: Жылқыбаев К.Д.

Қазақ хандығының құрылуы - Қазақстан территориясында XIV-XV ғасырларда болып өткен әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестердің заңды қорытындысы болды. Тарихи әдебиетте В.В. Вельяминов-Зерновтан бастап, Шығыс-Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының бір бөлігін Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібектің басшылығымен Шу мен Талас өзендерінің жазығына көшуі Қазақ хандығы құрылуының басталуы болды деген пікір бар [2, 77 б.]

Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы төтенше маңызды оқиға болды. Ол ұлан-байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктуде, қазақтың байырғы заманнан бастап өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші роль атқарды.

1456 жылы Керей мен Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күресіп, қазақ тайпаларын бастап Шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоңыс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Бұл оқиғаның мән-жайы мынадай болатын: 1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде өкімет үшін өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілхайыр құрған «Көшпелі өзбектер» мемлекеті пайдаболды. Осы мемлекеттің территориясы XV ғасырдың орта шенінде Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі ұлан-байтақ жерді алып жатты. Алайда бұл мемлекеттің ішіндегі өкімет үшін күрес бір сәтте толастаған жоқ. Әбілхайыр хан өзінің саяси дұшпандарын – Жошы әулетінен шыққан сұлтандарды құдалауын тоқтатпады. Билік үшін күрес барысында Дешті- Қыпшақтан өздерін қолдайтын жеткілікті күш таба алмаған Ұрыс ханның шөберелері Керей мен Жәнібек XV ғасырдың 50 жылдары орта шенінде қарамағандағы ауылдарымен Шу өзенінің бойына көшіп кетуге мәжбүр болды. Осы оқиғалар жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих и Рашиди» атты шығармасында былай деп жазады: «Ол кезде Дешті-Қыпшақ Әбілхайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан султандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Мағолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтарың берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр (1468 жылы) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Сүйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары (1465-1466 жылдары) билей бастады» [3, 89 б.]

Сөйтіп, 1465-1466 жылдары Шу мен Талас өзендерінің алқабында Қазақ мемлекетінің негізін салған дербес қазақ хандығы құрылды. Осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақ» деген атау қолданыла бастады [5, 74 б.]

Тарихи деректемелер алғашқы қазақ хандарының хандықтың территориясын кеңейтуге, Сырдария өңіріндегі қалармен Шығыс Дешті-Қыпшақтың қырдағы аудандарындағы өз билігін нығайтуға бағытталған белсенді сыртқы саясаты туралы баяндайды. Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның құлдырауын пайдалана отырып, Керей мен Жәнібек XV ғасырдың 60 жылдардың соңында қазақтар мекендеген бүкіл территорияның біріктіру жолында ойдағыдай күрес бастады.

Қазақ хандығының саяси-экономикалық базасын нығайту үшін Сырдария бойындағы

қалаларды қарату төтенше маңызды еді. Осы орайда, қазақ хандығының алдына 3 үлкен тарихи міндет қойылды:

1. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілқайыр хандығындағы аласапыран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейтесті мүддесі еді.

2. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы бойындағы Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркістан), т.б. қалалары қазақ хандығына қарату. Бұлар осы өңірдегі саяси-экономикалық және әскери-стратегиялық берік база болатын.

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет – Сырдария жағасындағы қалаларды қарату күресі болды.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілқайыр хан еді. 1468 жылы қыста ол қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа атанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты. Әбілқайырдың қаза болуы қазақ хандығының нығайуына және территорияның көлемінің кеңеуіне үлкен себеп болды. Ол өлгеннен соң, оның иелігінде феодалдық қақтығыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының» шаңырағы шайқалды, ірі шиеліністер басталды. Оның қарамағындағы үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Мұндай тиімді жағдайды дер кезінде пайдаланған қазақ хандары Керей мен Жәнібек бұдан 12 жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қонысы Шығыс Дешті-Қыпшаққа қайта оралды. Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресті. Олардың саяси қарсыластары Ахмед ханмен, Махмұд Батыс Сібірдің билеушісі Ибақ ханмен, сондай-ақ Ноғай одағын билеген мырзалармен одақтасып, бірге күрес жүргізді.

Әбілхайыр ханның орнына отырған мұрагер баласы Шайх Хайдар бұл күресте мүлде жеңіліп, өлтіріледі, ал Әбілхайырдың немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд султан Астраханға барып паналады. Әбілхайыр ханның мұрагерлермен күресте толық жеңіске жеткен Қазақ хандығы Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті-Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. XV ғасырдың 70 жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сөйтіп, қазақ хандығының территориясын әлқайда кеңейіп нығайды. Оған тұс-тұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты.

Алайда, Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани мен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Ол осы соғыстарда бірде Әмір Темір әулетіне, бірде ноғай мырзаларына, ақырында Моғолстан хандарына сүйенді.

XV ғасырдың ақырында Отырар, Яса (Түркістан) Орхон, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниге қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігіне қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы сұлтан Махмұд биледі [1, 78 б.].

Қазақ хандары Дешті-Қыпшақты басып алуға ұмтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктерін едәуір ұлғайтты. Қазақ хандығының нығайуы Шайбани ханды Шығыс Дешті-Қыпшақ тайпаларының біраз бөлігінен Мәуераннахрға ығысуға мәжбүр етті. Ол 1500 жылы ондағы Әмір Темір әулетін талқандап, Мәуераннахрды жаулап алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады. Мұхаммед Шайбани ханға ілесіп Мәуераннахрға енген көшпелі тайпалар бірте-бірте жергілікті отырықшы халыққа сіңіп, олардың тілі мен мәдениетін қабылдап, өздерінің бұрынғы Дешті-Қыпшақтағы өзгешіліктерінен бірте-бірте айырылды. Бұл көшпелі тайпалар Дешті-Қыпшақтан ала келген «өзбек» деген атау бірте-бірте Мәуераннахрдың байырғы тұрғындарына тиесілі болды. Бірақ олар «өзбек» деген аты болмаса, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне ықпал жасай алмаған.

XV ғасыр мен XVI ғасырдың арасында (1500 жыл) Мұхаммед Шайбани ханның Дешті-Қыпшақтан ығысып жаулап алуы Орта Азия тарихындағы, әсіресе қазақ пен өзбек үшін елеулі оқиға болды. Бұл ең алдымен қазақ хандығының жерін кеңітіп, беделін арттырып, ерікті елдігін нығайтты. Бұрынғы дәуірлерде бытырңқы болып келген қазақ тайпаларының басын бір жерге

қосуға, қазақтың этникалық территориясын біріктіруге, сонау қола ғасырдан басталған қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Бұрын Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында қолданылған «өзбек-қазақ» деген жалпы атау бір-бірімен ажырады. «Қазақ» термині бірте-бірте Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Жетісуда қалыптасқан халықтың тұрақты атына айналды. «Өзбек» термині Мұхаммед Шайбаниге еріп кеткен тайпалардың этникалық атауы ретінде Орта Азияда ғана қолданылатын болды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Қаражан Қ.С., Әбсеметова Ж., Қозыбақова Ф.А., Мекебаев Т., Саржанова С.С., Смағұлов С., Тілеубаев Ш.Б. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2011 – 75-82 бб.
2. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ елінің тарихы. – Алматы, 2010 – 268-273 бб.
3. Шаяхметов Н.У Қазақстан тарихы. – Алматы, 2009 – 85-94 бб.
4. Мұхамед Хайдар Дулат Тарихи-рашиди. – Алматы, 2015 – 106-198 бб.
5. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы – Алматы, 2014 – 64-83 бб.

ӘОЖ 93/94

ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ 1934-1936 ЖЫЛДАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАР

Түсіпбек Қуаныш Есімханұлы

Tusupbek1993@mail.ru

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Тарих факультеті, Археология, Этнология және Отан тарихы кафедрасының оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан

Қазақ даласы ерте заманнан өркениет ошағы болды. Осынау ұлан-байтақ даламыз сан қилы оқиғаларды бастан кешті. Солардың бірі ХҮІІІ ғасырда басталған патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты еді. Қазақ даласына үлкен өзгерістер алып келген 1822-1824 жылдардағы реформа кезінде Орта жүз территориясында әкімшілік басқару еніп, округтер құрылды. Сол кезде құрылған алғашқы округтердің бірі Қарқаралының тарихы ерекше көңіл аудартады. Округтік орталық болғандықтан Қарқаралы жеріне бай-көпестер, жұмысшы крестияндар, зерттеушілер мен білімдарлар көптеп келе бастайды. Қарқаралы өңірдегі мәдениеттің орталығына айналып, бірталай интелегенцияның келуіне себепкер болады. Сарыарқаның төскейінде орналасқан округ орталығын қоныстанып келгендердің балаларын оқыту мәселесі туындайды. Сол кезде өңірде алғаш мектептер мен училищелер ашыла бастаған [1, 40 б.].

1920 – 30 ж. қазақ даласындағы мектептердің оқу базасын күшейтуге мемлекет тарапынан орасан мол қаржы жұмсалды. 367 мектеп жаңадан салынып, 361-і күрделі жөндеуден өткізілді. Осы жылдары бастауыш мектептер саны 333-тен (1926) 1864-ке (1930) жетті (оның 1231-і қазақ мектебі), оқушылар саны 215,1 мыңнан 320,1 мыңға жетті (оның 124,9 мыңы қазақ) [2].

ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында Қарқаралы жерінде білім беру ісі жақсы дамыды, бұл туралы өлкетанушы Ю.Г. Поповтың еңбектерінен белгілі. 1919-1920 жылдары төрткласстық аралас училищелері ашылып, кейін соның негізінде 1-4 сыныптық І саты және 5-7 сыныптық ІІ саты және жоғарғы сатыдағы 8 сыныптық оқу құрылды [3, 8-18 б.].

Зерттеушілерде «1904 жылы егін шаруашылығы және мемлекеттік мүлік Министрлігінің Қарқаралы төменгі ауыл шаруашылығы мектебінде 33 ұл оқыған: қазақтар - 26, мешандар - 4, шаруалар - 3. Осы кезеңде қаланың төрт мектебінде барлығы 251 адам оқыды, оның ішінде 176 ұл». Дерек бойынша Қарқаралыда ХХ ғасыр басында төрт мектеп болған [4].

Архив құжаттарында 1934-1935, 1935-1936 оқу жылдарындағы оқушылардың саны, сынып саны және қозғалыс кестелері берілген. Барлық кестеде (Зав.окр.ОНО плановик), яғни округ бойынша білім беру меңгерушісінің статистикалық мәліметтері деп жазылған. Округ